

# МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ - ЕЛ БІРЛІГІНІҢ КЕПІЛІ

2011-2020 жылдарға арналған еліміздегі тілдерді дамыту Мемлекеттік бағдарламада бағамдалған өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйренуге межелейтін баптардың баянды іске асуына алғашқылардың бірі болып атсалыатын аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі екені айтпаса да түсіікті. Сондықтан осы да басқа бағдарламалар бойынша көптеген іс шаралар атқарылуда.

Сондай шара негізінде аудандық кітапханада өзге ұлт жастары арасында «Жастар - тәуелсіздіктің болашағы» тақырыбында дөңгелек үстелі өтті. Онда мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі басқаруымен, білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі, қазақ тілі мұғалімдері, мектеп оқушылары қатысты. Дөңгелек үстелдің мақса-

дана алмау, жүргізіліп отырған жұмыстардың әлі де болса бір бұрауы жетіспей жатқанын көрсетеді және қазіргі өзекті мәселенің бірі мемлекеттік тілді өзге ұлт кілдері арасында насихаттау іс шараларын көп жүргізу керек болып тұр. Сол себеппен бүгін жастар арасында мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеріп, қазақ тілінің маңыздылығын түсіндіру, қасиетін арттыру оарысында іс шара ұйымдастырып отырмыз - деді.

Өзге ұлт жастары мемлекеттік тілде пікір алмасып, қазақ әндері мен поэмаларын жатқа айтып, өздерінің нағыз Қазақстан азаматы екенін көрсетті. Бұл жерде тілге деген жастардың ынта - ықыласына, айтылған ой пікірлеріне қарап, мемлекеттік тілдің келешегі жарқын екеніне көзіміз жеткендей



ты жас ұрпақ арасында ұлттық тіліміз бен мәдениетімізді, салт-дәстүрімізді кеңінен насихаттау, өзге ұлт арасында мемлекеттік тіліміздің мәртебесін асырып, олардың тілге деген қызығушылығын таныту. Сондай-ақ жастардың көркем әдеби тілде сөйлеу мен ойлау қабілетін арттыру, жас ұрпақтың еліне, туған жеріне деген патриоттық сезімдерін ояту болатын. Дөңгелек үстел барысында Қазақстан Республикасының 20 жыл ішінде атқарған еңбектеріне қол жеткен жетістіктері жөнінде оқушылар мен тіл мамандары өзара пікір алмасты. Оқушылар тәуелсіз еліміздің жетістіктері туралы өз білгендерін ортаға салды. Аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бастығы А. Шалабаева дөңгелек үстел басында өзге ұлт жастарымен қазақ тілінде әңгімелесіп, олардың мемлекеттік тілге деген ынта, жігерлерін уштады.

-Қазіргі таңда мемлекеттік тілді дамыту мәселесінде қазақ тілін үйрету шараларын жетілдіру - ең негізгі жайлардың бірі екені анық. Қазақ тілі - мемлекеттік тіл, сондықтан оның түп - тамырын, туғырын бекіту - ер азаматтың борышы. Жылдар бойы өз тілінде сөйлей алмай, теперіш көрген ұлтымызға Тәуелсіздіктің көк байрағымен тілі де, діні де, салт-дәстүрі де оралып, халқымыздың көңілін көкке жеткізді. Қазақ тілін қызметтік қарым - қатынас деңгейінде қол-

болды

Сондай-ақ мәдени-сауық орталығының дістеме бөлім меңгерушісі Л. Узарова мемлекеттік тілде «Қазақстан Республикасының 20 жыл ішінде ең үлкен жетістіктері» тақырыбына сай өз ойымен бөлісіп, жып басынан осы тақырып бойынша өткізіліп жатқан іс шараларды атап айтты. Луизаға ризашылығымызды білдіре отырып, күнделікті жұмыс барысында өз ұлтымыздың азаматтарына үлгі ретінде - қазақ тілінде сөйлессең нұр үстіне нұр болар еді дегіміз келеді. Өзге ұлт өкілі бола тұрып қазақ тілінде еркін сөйлеу әр азаматтың қблынан келе бермейтін қасиет. Сондықтан Қазақстанда тұратын өз ұлтымыздың азаматтарына өз ана тілін білмеу - ұят екенін еске түсіргіміз келеді. Бұл жерде айта кететін мәселе - ол біздің өз ұлтымыздың жастарының өзге тілде мақтана сөйлеуі. Өз ұлтымыз бір - бірімен шүлдірлеп сөйлескенде өздерінің санасыз екенін, еліне, тіліне деген құрметті білмейтіндерін, отанға деген патриоттық сезімнен жұрдай екендіктерін көрсетіп тұрады. Сондықтан өзімізбен қазақ тілінде сөйлесіп, мемлекеттік тілге қолдау көрсете білейік. Тіліміздің мәртебесі биіктеп, Ел болашағы жарқын болғай!

Қ. ХАПАН.